



Е Р Е Ж Е

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Павлодар педагогикалық университеті



Бекітемін

Басқарма төрағасы – ректор

Ж.Жилбаев

2021 ж.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

СМЖ Е 01 - 2021

Нұсқа № 4
Тіркеу № 61
Дана № _____
Көшірме № _____

Павлодар қ.

АЛҒЫСӨЗ

1 Жұмыс тобы ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН

Жұмыс тобының жетекшісі – Ельтинова Л.А.

**2 Басқарма төрағасы - ректордың 2021 ж. 16 сәуір № 210 нж бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР: Л.С. Сырымбетова, Г.С. Джарасова

4 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ

1 жыл

5 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

СМЖ Е 01-2021 (3-нұсқа)

6 ЕНГІЗУ КҮНІ

2021.04.16.

Осы Ереже Павлодар педагогикалық университеті Басқарма төрағасы – ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Құжаттың санкцияланбаған көшірмесін жасауға тыйым салынады

1 Жалпы ережелер

1.1 Ғылыми кеңес – «Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Қоғам) алқалық басқару нысандарының бірі.

1.2 Ғылыми кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін, Қоғамның жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.3 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

2 Ғылыми кеңестің құрамы, құрылымы және оны сайлау тәртібі

2.1 Қоғамның ғылыми кеңесі Басқарма Төрағасының - Қоғам ректорының бұйрығымен құрылады.

2.2 Ғылыми кеңес - сайланбалы алқалы орган. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма Төрағасының - университет ректорының бұйрығымен ЖОО-ның жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы өткізілетін таңдау нәтижелері негізінде бекітіледі.

2.3 Ғылыми кеңестің төрағасы (бұдан әрі - төраға) Басқарма Төрағасы-Қоғам ректоры болып табылады.

Төраға төрағаның орынбасарын тағайындайды.

Ғылыми кеңестің құрамына проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық - оқытушылық құрамның, қоғамның студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіруі мүмкін.

2.4 Төраға және оның орынбасарын қоспағанда, Ғылыми кеңестің құрамы 3 жылға сайланады және мүшелерінің тақ санынан тұрады. Ғылыми кеңес мүшелерінің ең көп саны 31 адамнан аспайды. Ғылыми кеңестің құрамына кемінде бір адам және кемінде бір студент оқитын «Ақылдастар алқасы» консультациялық кеңесінің мүшелері квоталанады. Ғылыми кеңестің құрамына енгізу үшін «Ақылдастар алқасы» кеңесінің бірде - бір мүшесі және (немесе) білім алушылардың өкілі жеткілікті дауыс санын жинамаған жағдайда, Ғылыми кеңестің 30 және (немесе) 31 мүшелерімен кандидат ретінде сайлауға қатысқан білім алушылар «Ақылдастар алқасы» кеңесінің басқа мүшелерінің (өкілдерінің) арасында ең көп дауыс санын жинаған адамдарды таңдайды.

Қажеттілігіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін. Қоғамның Ғылыми кеңесі құрамындағы өзгерістердің негіздері болуы мүмкін:

- Ғылыми кеңес құрамынан шығу туралы сайланған мүшелердің мәлімдемесі;

- қызметкермен еңбек шартын бұзу;

- білім алушыны Қоғамнан шығару туралы бұйрық;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер.

2.5 Төраға қоғамның Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, қоғамның жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

2.6 Хатшыны Ғылыми кеңес мүшелерінің арасынан Ғылыми Кеңес сайлайды және ол Басқарма Төрағасының - қоғам ректорының бұйрығымен 3 жыл мерзімге тағайындалады. Ғылыми хатшы Ғылыми кеңестің іс - қағаздарын жүргізуге жауап береді, Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды, Ғылыми кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша тәжірибені жинақтауды және ұсыныстарды әзірлеуді ұйымдастырады.

Ғылыми хатшы болмаған жағдайда оның міндеттерін орындау мерзімі көрсетіліп, Басқарма Төрағасының - қоғам ректорының бұйрығымен ғылыми кеңес мүшелерінің біріне жүктелуі мүмкін. Ғылыми кеңестің отырысы төраға, төрағаның орынбасары бір мезгілде болмаған жағдайда өткізілмейді.

2.7 Ғылыми Кеңестің отырыстарына материалдарды уақытылы және сапалы дайындау үшін жауапкершілік ғылыми хатшыға жүктеледі.

2.8 Ғылыми хатшы қажетті ақпаратты сұратуға, Ғылыми кеңес қызметінің барлық бағыттары бойынша Қоғам қызметкерлеріне тапсырмалар беруге құқылы.

2.9 Жаңадан сайланған Ғылыми кеңестің жұмысы басталған сәттен бастап алдыңғы Ғылыми кеңестің өкілеттігі тоқтатылады.

2.10 Ғылыми кеңестің жаңа құрамын мерзімінен бұрын сайлау оның мүшелерінің кемінде жартысының талап етуі бойынша жүргізіледі.

3 Ғылыми кеңестің жұмыс тәртібі

3.1 Ғылыми кеңес өз жұмысын ғылыми кеңес мүшелері және құрылымдық бөлімшелер басшыларының ұсыныстары негізінде тиісті оқу жылына әзірленетін бекітілген жоспар негізінде ұйымдастырады. Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын әзірлеу жөніндегі ұсыныстар ғылыми хатшыға жоспар бекітілгенге дейін бір ай бұрын енгізіледі.

3.2 Ғылыми кеңес өзінің бірінші отырысына өзі сайланғаннан кейін бір айдан кешіктірмей жиналады.

3.3 Ғылыми кеңестің отырыстары ашық түрде өткізіледі.

3.4 Ғылыми кеңестің отырыстары айына бір рет, әдетте, айдың 25 тамызы және 5 шілдесі аралығында, айдың 4-ші сәрсенбісінде өткізіледі.

Ғылыми кеңестің шешімі бойынша немесе ғылыми кеңес төрағасының ұсынысы бойынша отырыстарды өткізу уақыты өзгертілуі мүмкін.

Ғылыми кеңестің отырыстары қажет болған жағдайда жоспардан тыс өткізіледі.

3.5 Ғылыми кеңестің жоспардан тыс отырыстары Ғылыми кеңес төрағасының, оның орынбасарының ұсынысы бойынша немесе ғылыми кеңестің кемінде алты мүшесінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

3.6 Ғылыми кеңестің немесе оның төрағасының шешімі бойынша Ғылыми Кеңестің отырыстарына қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ЖОО оқытушылары және қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік және әкімшілік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар және қаралатын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындылар ұсыну үшін басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

3.7 Ғылыми кеңестің отырыстарында хаттама жүргізіледі, оған Ғылыми кеңестің төрағасы мен ғылыми хатшысы қол қояды.

Ғылыми кеңестің хаттамалары мен шешімдері тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады және хатшылар ауысқан кезде актілер бойынша беріледі.

3.8 Ғылыми хатшы жұмыс жоспарының негізінде Ғылыми кеңестің кезекті отырысы күн тәртібінің жобасын қалыптастырады және төрағамен келіседі, күн тәртібі туралы мүшелерді отырыс күніне дейін бір апта бұрын хабардар етеді.

Төраға күн тәртібін Ғылыми кеңестің әрбір отырысының басында қарауға енгізеді және бекітеді.

3.9 Ғылыми кеңестің отырыстары Ғылыми кеңес мүшелерін келу парағына тіркеуден басталады.

3.10 Ғылыми кеңестің отырыстары, егер оған оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, заңды болып табылады.

3.11 Ғылыми кеңестің мүшесі барлық отырыстарға қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті. Ғылыми кеңестің мүшесі дәлелді себептермен отырысқа қатыса алмайтыны туралы төрағаны ғылыми хатшы арқылы алдын ала хабардар етуге тиіс.

Ғылыми кеңестің мүшесі бір жыл ішіндегі отырыстардың жартысынан астамы болмаған жағдайда Ғылыми кеңестің шешімімен құрамнан шығарылуы мүмкін.

3.12 Егер отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, Ғылыми кеңестің шешімдері қабылданды деп есептеледі.

Қоғамның жарғысына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында қоғамның басқа органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кезінде осы мәселелер бойынша қабылданған шешімдер ұсынымдық сипатта болып табылады:

- оқу ақысының мөлшерін бекіту;
- білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың нысанын және оларды толтыруға қойылатын талаптарды бекіту;
- академиялық құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы;
- штаттық кестені бекіту.

3.13 ЖОО Ғылыми кеңесінің шешімі Ғылыми кеңестің қатысып отырған мүшелерінің ашық немесе жасырын дауыс беруімен қабылданады.

3.14 Ғылыми кеңестің отырысында төрағалық етуші ашық дауыс беруді өткізеді. Қоғамның Ғылыми кеңесінің мүшелері дауыс беруге қойылған мәселе бойынша «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген жауап нұсқаларының бірімен өз пікірлерін білдіреді. Төрағалық етуші дауыстарды санауды жүргізеді.

3.15 Ғылыми кеңес жекелеген мәселелер бойынша жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Жасырын дауыс беру бюллетеньдермен жүзеге асырылады.

3.16 Ғылыми кеңес жасырын дауыс беру кезінде қатысып отырған мүшелер арасынан ұсынылған кандидатуралар негізінде саны кемінде 3 адам есеп комиссиясын ашық дауыс беру арқылы сайлайды.

Есеп комиссиясының құрамына сайлана алмайды:

- жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге тегі енгізілген тұлғалар;
- Қоғамның Ғылыми кеңесінің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшы.

Есеп комиссиясы өз құрамынан комиссия төрағасын сайлайды және функцияларын өзара бөледі.

3.17 Ғылыми хатшы есеп комиссиясын бюллетеньдер, хаттамалар, бланкілерімен, бюллетеньдерді түсіруге арналған жәшікпен, басқа да керек-жарақтармен қамтамасыз етеді.

Есеп комиссиясы жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдердегі қажетті ақпараттың мазмұнын тексереді.

Әрбір мәселе бойынша Ғылыми кеңестің әрбір мүшесіне дауыс беру үшін жеке бюллетень беріледі. Бір мәселе бойынша дауыс беру кезінде қоғамның Ғылыми кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие болып, оны шешім қабылдаудан «қолдаймын», «қарсымын» немесе «қалыс қалдым» береді. Ғылыми кеңес мүшесінің дауыс беру құқығын басқа мүшеге немесе басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

3.18 Ғылыми кеңестің жасырын дауыс беру кезінде болмаған мүшелері дауыс беру аяқталғаннан кейін немесе ғылыми кеңес осы мәселе бойынша дауыс беру үшін қабылдағаннан өзге тәсілмен өз дауысын беруге құқылы емес.

Ғылыми кеңес мүшелері жасырын дауыс беру аяқталғаннан кейін бюллетеньді арнайы жәшікке салады.

Есеп комиссиясы шешім қабылдаудан «қолдаймын», «қарсымын» немесе «қалыс қалғандардың» дауыстарын санауды жүзеге асырады, дауыстарды санаудың нәтижелері туралы хаттама жасайды, оған есеп комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және есеп комиссиясының төрағасы Ғылыми кеңестің отырысында оқиды.

Ғылыми кеңес есеп комиссиясының хаттамасын Ғылыми кеңестің қатысып отырған мүшелері санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы бекітеді немесе бекітпейді, соның негізінде төрағалық етуші Ғылыми Кеңес қабылдаған шешімдерді жариялайды.

2020 жылдың 7 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес шектеу іс - шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, дауыс беру ұйымдастырылуы және онлайн - дауыс беру өткізілуі мүмкін.

3.19 Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына барлық мәселелер бойынша дауыс беру нәтижелері енгізіледі.

3.20 Ғылыми кеңес мүшелерінің арасынан жоспарлы мәселелерді қарау жөніндегі жұмыс комиссияларын құруға құқылы. Жұмыс комиссияларына талдау

Құжаттың санкцияланбаған көшірмесін жасауға тыйым салынады

аудитін жүргізу үшін көрсетілген мәселелер бойынша профессор - оқытушылар құрамынан, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің басқа да санаттарынан мамандар кіре алады. Аудит бағдарламасын және жұмыс комиссиясының мүшелерін іріктеуді алдын ала отырыста Ғылыми кеңес мүшелері сайлайтын төраға жүзеге асыратын болады. Жұмыс комиссиясының тәуелсіз анықтамасын ғылыми кеңес мүшелері алқалы шешім қабылдау үшін отырыста тыңдайды.

3.21 Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Ғылыми кеңес төрағасының өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3.22 Ғылыми кеңестің шешімімен жауапты тұлғаға шешімдердің орындалуын бақылау жүктеледі, ол төрағаға орындалуы туралы есеп береді. Қажет болған жағдайда оның шешімдерінің орындалуын бағалау жөніндегі жұмыс комиссиясы құрылады.

4. Ғылыми кеңес қызметінің мақсаттары

4.1 Кәсіптік оқу бағдарламаларын сәтті іске асыру мақсатында ЖОО - ның білім алушылары және профессорлық - оқытушылық құрамы, қызметкерлері үшін қажетті жағдайлар жасау.

4.2 ЖОО - ның қаржылық қолдауын қамтамасыз ету, материалдық - техникалық базасын нығайту.

4.3 ЖОО - ның одан әрі дамуына жәрдемдесу.

5 Ғылыми кеңестің құзыреті

Қоғамның стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарау.

Ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту.

Ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбие қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау.

Қоғам Басқармасының бекітуі үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын қарау.

Білім алушылардың бітіру жұмыстарының тақырыптары және ғылыми жетекшілерін бекіту.

Диссертациялық зерттеулер бойынша тақырыптар және ғылыми жетекшілерді, магистранттардың, PhD - докторанттардың кеңесшілерін бекіту.

Оқу, ғылыми және басқа да ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді дайындау және басып шығару мәселелерін қарастыру.

ЖОО-ның профессорлық - оқытушылық құрамы дайындаған оқулықтарды, оқу құралдарын ЖОО-ның оқу - әдістемелік бірлестіктеріне ұсыну.

ҚР Президентінің стипендияларын және ППУ атаулы стипендияларын тағайындау туралы шешім қабылдау.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үдерісінде босаған бос білім беру гранттарына ауыстыра отырып, ақылы негізде білім алушылардың одан әрі оқуға өтініштерін қарау.

Профессорлық - оқытушылық және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарастыру.

Құрметті атақтарды бекіту және беру.

Ғылыми еңбектері және педагогикалық қызметі үшін сыйлықтар, қоғам гранттарын беру, мемлекеттік және өзге де сыйлықтар алуға Қоғам атынан ғылыми еңбектерді ұсыну.

Ғылым академиясының мүшелігіне сайлауға ұсыну, мемлекеттік, атаулы және өзге де сыйлықтар беруге кандидатуралар ұсыну.

Үміткерлерді, ізденушілерді түрлі байқауларға қатысуға ұсыну.

ЖОО қызметкерлерін үкіметтік наградалар және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау.

Қоғамның әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешімдер қабылдау.

Өткен оқу жылындағы Қоғамның қызметін қорытындылау.

Қоғамның оқу, ғылыми - зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерін мерзімді қарау.

Қоғамның құрамына кіретін өзге құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау.

Қоғамның рәміздерін бекіту.

Қоғамның қызметіне байланысты және алқалық шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.